

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ**  
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ**  
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

---

**№ 1 (2022)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

<https://doi.org/10.48081/NIUS7438>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бурдина Е. И.

*д.п.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Пфейфер Н. Э.,

*д.п.н., профессор*

Жумагаева Е.,

*д.п.н., профессор*

Абибулаева А. Б.

*д.п.н., профессор*

Мирза Н. В.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Россия)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Беларусь)*

Кудышева А. А.,

*к.п.н., ассоц. профессор*

Омарова А. Р.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ИДЕОЛОГИЯ И ВОСПИТАНИЕ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ  
ПРОЦЕССЕ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ

FTAMP 15.81.35

<https://doi.org/10.48081/PYEZ5909>**\*С. Е. Абеева**

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясы,  
Қазақстан республикасы, Алматы қ.

**КУРСАНТТАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН  
ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ШАРТТАР**

*Мақалада көшбасшылық, көшбасшылық әлеует феномені қарастырылады, осы тұжырымдаманы түсіндірудің әртүрлі амалдары ашылып, көшбасшылық туралы идеялардың даму тарихына қысқаша шолу жасалады. Курсанттардың көшбасшылық әлеуетін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын ашатын отандық, ресей және шетел ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, аталған феноменнің табиғатын түсіндіретін концепцияларға өзіндік көз-қарас түзілді. Ұйымдық құрылымдарды басқарудағы көшбасшылық қабілеттердің, әлеуеттің маңыздылығы дәлелденеді. Әскери істердегі көшбасшылық әлеуетін құрайтын қасиеттер талданады. Сөйтіп, жүйелік талдау көшбасшылық феноменін оның құрылымдық құрамдас бөліктерінен қарастыруға мүмкіндік береді. Курсанттардың көшбасшылық әлеуетін дамыту үшін педагогикалық шарттарды анықтау қажет. Көшбасшылық әлеуетін дамыту бойынша жүйелі, бірізді жұмыс жүргізбес бұрын, ең алдымен курсанттардың бастапқы психикалық қасиеттерін, мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау қажет. Мақалада курсанттардың көшбасшылық әлеуетін құрайтын қасиеттердің авторлық классификациясы айқындалған. «Көшбасшылық қабілеттерін диагностикалау» (Е. Жариков, Е. Крушельницкий), сонымен қатар «Көшбасшының баланс шеңбері» әдістерін қолдану арқылы жүргізілген көшбасшылық қабілеттердің кіріс диагностикасының нәтижелері берілген. Курсанттардың көшбасшылық қабілеттерінің*

*көріну дәрежесіне сыртқы әсер ету мүмкіндігіне қатысты қорытынды тұжырымдалады. Курсанттардың көшбасшылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыс түрлері, нысандары және кезеңдері көрсетілген.*

*Кілтті сөздер: көшбасшы, көшбасшылық, әлеует, қабілет, даму, диагностика, курсант, эмоционалды интеллект, креативтілік.*

## **Кіріспе**

Ғасырлар тоғысында Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болашақ мамандардың маңызды сипаттамаларын қайта қарастыру қажеттілігін туғызды, бұл осы саланы реттейтін құқықтық және нормативтік құжаттарда көрініс тапты. Педагогикалық кадрларды жетілдіру және көшбасшылық әлеуетті дамыту қажеттігі Қазақстандық білім берудің ұзақ мерзімді перспективалық дамуына арналған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының ережелерінде атап өтілген [1]. Бұл тәсілдерді жүзеге асыру курсанттарды кәсіби даярлаудың жаңа оқу үлгісін жасауды талап етті.

Осы орайда, курсанттардың көшбасшылық әлеуетін дамыту мәселесі ерекше орын алуда, себебі көшбасшылық қабілеті күрделі кәсіби қызметін ұтымды, сәтті жүргізуді қамтамасыз ететін көптеген қасиеттердің жиынтығы. Қоғам, әлем, бүгінгі күн жас мамандар алдына күрделі, шешімі қиын міндеттерді қояды, сонымен қатар курсанттардың тұлғасына да қойылатын талаптар күннен күнге артуда. Курсанттар жаңа талаптарға тез бейімделу, кәсіби ойлауы жетік дамыған, стресске төзімділігі артқан, көп көлемді ақпаратты өңдеп тез шешім қабылдау, уақытты ұтымды және өнімді пайдалану, ораторлық қабілет, табандылық, өжеттілік сынды қабілеттеріне ие болуы тиіс.

Көшбасшы мәселесі төңірегінде ерте заманнан бастап философтар, ғалымдар, педагогтар, психологтар, әскери істе көрнекті тұлғалар және т.б. зерттеу жүргізіп, аталған тақырып бойынша көптеген құнды тұжырымдар қалдырған. Дей тұра, көшбасшы қабілеті айқын көрінген немесе арнайы салада айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген тұлғалар назарға ілікті, ал тар мамандықтардағы білім алушылардың бойында осы қабілетті дамыту жолдары мен шарттары жеткілікті талданбаған.

## **Материалдар мен әдістер**

Кәсіби саладағы табыс көбіне адамның ішкі, жасырын резервтеріне байланысты, көбінесе оны әлеует деп атайды. Бұл көзқарасты А. Адлердің В. А. Ананьев, А. А. Деркач, В. Г. Зазыкин, Л. И. Иванко, М. С. Каган,

Д. А. Леонтьев, И. П. Маноха, А. Маслоу, В. С. Мерлин, В. Г. Нестеров, К. Роджерс, В. Н. Шердаков, Б. Г. Юдин, К. Юнг және т.б. ғалымдардың психологиялық-педагогикалық еңбектерінде табуға болады.

«Әлеует» ұғымының өзі бұл кәсіби табыстың кепілі болатын белгілі бір педагогикалық шарттардың көмегімен дамытылған арнайы мүмкіндіктер, қабілеттер, бірақ мақсатты, алдын ала жобаланған жұмысты жүргізбеген жағдайда әлеуетті іске асыру мүмкіндігі өте аз болатынын ғалымдар дәлелдеген [2]. Көшбасшылық әлеует жоғары кәсіби білім берудің негізгі ұғымдарының біріне айналмай, оны дамыту орталық міндет болып табылмай, еліміздің барлық салаларында айтарлықтай өзгерістер мен ауысымдарды зарығып тосатынымыз айдан анық.

20–21 ғасырлар тоғысында индустриялық қоғамның постиндустриалды қоғамға айналуымен байланысты «көшбасшылық» анықтамасын түсіндірудің өзгеруі болды. Көшбасшының жеке басының рөлінен, оның топтағы мәртебесінен және ол қамтамасыз ететін функциялардан топ мүшелерінің қарым-қатынасы, бірлескен қызметі мен бірлігі үдерісіне баса назар аудару байқалды. «Көшбасшы» терминінен алшақтап, осы рөлге «таңдалған» адамға сілтеме жасамай, «көшбасшылық» ұғымын қарастыруға мүмкіндік берді [3]. Бұл тәсіл топтық жұмысты ұйымдастырудың табыстылығы үшін аспаптық дағдылардың, ынтымақтастық және бірлесіп құру дағдыларының маңыздылығын атап өтуге мүмкіндік берді.

Көшбасшылық мәселесі бойынша ғылыми зерттеулерді саралау барысында көшбасшылық табиғатын, оның түрлерін анықтауда түрлі амалдар бар екені және оның кәсіби бағытына, жынысына, орны мен уақытына тәуелді екені анықталды, зерттеушілердің жіктемесі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Көшбасшылық әлеуетін зерттеу бағыттарының жіктемесі

	Зерттеу бағыты	Зерттеушілердің аты-жөні
1	Көшбасшылық әлеуетін жүзеге асыру мәселесі	Э. Богардус, К. Бэрд, К. Левин, Р. Стогдилл, Э. Хартли, Дж. Шнейдер, Г. К. Ашин, Ю. Н. Емельянов, Н. С. Жеребова, Т.Н. Мальковская, Б. Д. Парыгин, А. В. Петровский және басқалары
2	Көшбасшылық кәсіби жетістіктің өлшемі ретінде	А. И. Давлетов и Г. В. Угляница
3	Студенттердің көшбасшылық әлеуетін жүзеге асыру шарттары	А. Б. Голубь и А. В. Зорин

4	Білім берудегі көшбасшылықтың аспектілері	Л. А. Лесин и В. И. Гам
5	Студенттердің өзін-өзі басқару бөлімшелердің қызметі студенттерде көшбасшылық қасиеттерді дамыту факторы ретінде	Л. Н. Коньшев и Л. П. Шигапов
6	Студенттердің көшбасшылық әлеуетін жоо оқу барысында белсендіру үдерісі	И. В. Дрыгина
7	Студенттердің көшбасшылық әлеуетін сабақтан тыс әрекеті барысында белсендіру үдерісі	А. Б. Иванова

Заманауи ғылыми еңбектерді талдау курсанттардың көшбасшылық әлеуетін дамыту психологиялық-педагогикалық теория мен тәжірибеде толық көрсетілмегенін, жоғары кәсіби білім беру жүйесінде көшбасшылық әлеуетті дамыту үшін нақты тәсілдерінің өзiрленбегенін көрсетті. Дегенмен, мұндай қажеттілік бар және оның өзектілігі күннен күнге артуда.

Е. Жуматаева «Көшбасшылық» полисемантикалық түсініктерге жататынын, яғни бірнеше мағынаға ие екеніне назар аударып, оны зерттеу тәжірибесінде қолданылуында қиындық туғызатынын және қолдану алдында аталған түсініктің заттық мазмұнды анықтама беру қажеттілігіне тоқталған [4].

«Көшбасшы» терминінің өзі, Avolio, В.М. Bass айтуынша, ағылшын тілінде шамамен 1300 жылдары пайда болған, ал «көшбасшылық» (leadership) термині шамамен 1800 жылдары [5]. Англо-саксондық этимологияда «lead» сөзі жол дегенді білдіреді. «leaden» етістігі саяхаттауды білдіреді. Осылайша, көшбасшы – көштің басында жүріп, саяхатшыларына жол көрсететін адам.

Жаңа жағдайда Қазақстан жоғары кәсіби маман болып табылатын курсанттарға ғана емес, жанашыл ойлауға қабілетті, ұйымдастырушылық, командалық, коммуникативті, тәрбиелеу қабілеттері жетік дамыған және дағдыланған, қарамағындағы адамдарды немесе/және өзіндей курсанттарды өз артынан ертуге, сендіруге, баурап алуға қабілетті тұлғаларға мұқтаж. Дәл сондай курсанттар нағыз тәлімгер, зерек және қамқоршы, кәсіби шеберліктің үлгісі болуы керек.

Жоғарыда айтқанымыздай, көшбасшылық табиғаты көптеген факторларға тәуелді болады, бірақ біздің зерттеу тақырыбымыз үшін көшбасшылықтың кәсіби қызметпен байланысы, атап айтқанда, әскери істегі көшбасшылық үлкен қызығушылық тудырады.

Әскери зерттеуші Т. В. Бендас [6] курсанттардың қызметтік және жауынгерлік іс-әрекеті оның жеке басының кәсіби құрылымын құра отырып,

сонымен бірге ұжымдағы басшылықтың негізі болып табылатын белгілі бір қасиеттердің жиынтығын талап етеді деп тұжырымдайды. Олардың ең маңыздыларының қатарында ол жоғары интеллект, мақсаттылық, психоанализ және рефлексияға қабілеттілік, күйзеліске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, өзін-өзі басқара білу, эмпатия, ұйымдастырушылық көрегендік, талапшылдық, кәсібилік, коммуникативті дағдылар және т.б.

О. И. Скрыпников курсант-көшбасшы беделінің негізі ретінде келесі қасиеттер жиынтығын келтіреді: «бөлімшенің қоғамдық өміріндегі белсенділік; кәсіби дайындық, әскери істерді терең білу, жақсы әскери техникалық дайындық; өз кәсібіне деген сүйіспеншілік, еңбекке жауапкершілік және шығармашылық қатынас; күнделікті өмірде, отбасында лайықты ілтипат жүріс-тұрыс, адамгершілік, адалдық, шыншылдық, еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, әдепті мінез-құлық; ұйымдастырушылық қабілет, тиімділік, практикалық түсінік, жаңашылдықты, озықтықты дер кезінде байқап, қолдау көрсету қабілеті; тәртіптілік, мақсаттылық, бастамашылдық, төзімділік, ұстамдылық, табандылық, батылдық, әскери қызметтің қиыншылықтар мен тауқыметтеріне төзе білу; ұқыптылықпен, әділдікпен және адамның жеке қадір-қасиетін құрметтеумен үйлесетін әдептілік, жоғары талапшылдық; күдік, ашушаңдық, ашуланшақтық және менмендіктің болмауы; педагогикалық ойлау және педагогикалық шеберлік [7].

А. Н. Ашихмин курсанттардың келесі кәсіби көшбасшылық қасиеттерінің даму динамикасын бөліп көрсетті: «елгезектік, тұлғааралық қарым-қатынас жасау қабілеті, өзара көмек, өз күшіне сенімділік, бастамашылық, табандылық, тапсырмаларды шешудегі табандылық, шешімділік, ынта-ықыласы курстас студенттерді басқару және оларға жетекшілік етуге ықылас таныту, берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімі, адалдық, әділдік, батылдық [8].

Г. Б. Кодекова көшбасшылыққа коммуникативтілік, жауапкершілік, жоғары эмоционалды интеллект, өз-өзіне сенімділік, үздіксіз өзін-өзі білімін ұштауға икемділік, нәтижелерді болжау, команданы құра алу қабілеттілік, креативтілік және т.б. іспетті қабілеттерді жатқызды [9].

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде, біз курсанттың көшбасшылық қасиеттерінің құрылымдарындағы еңбексүйгіштік, қатал иерархия, жетекшілік етуге қабілет, әскери қызметтің қиыншылықтарына төзімділік пен табандылық және т.б. бірқатар ұқсас қасиеттерді анықтадық. Бұл бізге көшбасшы-курсанттың нәтижелі кәсіптік қызмет ету үшін қажетті қасиеттер мен қабілеттердің авторлық классификациясын жасауға мүмкіндік берді (Сурет 1).



Сурет 1 – Көшбасшы-курсант бойындағы қабілеттер

Зерттеу базасы: ҚР ҰҚК Шекаралық Академия.

Екінші курс курсанттарының бойында көшбасшылық қабілетін қалыптастырып дамытуға бағытталған зерттеу жүргізілді.

Зерттеудің мақсаты - екінші курс курсанттарының көшбасшылық қабілетін, коммуникативтілік, жауапкершілік, жоғары эмоционалды интеллект, өз-өзіне сенімділік, нәтижелерді болжау, команданы құра алу қабілеттілік, креативтілік деңгейін анықтау.

Тестілеу қазақ және орыс тілдерінде өткізілді (екінші курс курсанттарының қалауы бойынша).

Екінші курс курсанттарының көшбасшылық деңгейін диагностикалау әдістемелері:


1 Көшбасшылық қабілетінің диагностикасы (Е. Жариков, Е. Крушельницкий) [10].

2 «Көшбасшылықтың баланс шеңбері» диагностикалау әдістемесі [9, 117 б.].

#### **Нәтижелер мен талқылау**

Екінші курс курсанттарының көшбасшылық деңгейін диагностикалау (Е. Жариков, Е. Крушельницкий) әдістемесі бойынша алынған нәтижелер 2 суретте ұсынылған.






Сурет 2 – Көшбасшылық қабілетінің диагностикасы (Е. Жариков, Е. Крушельницкий) әдістемесі бойынша алынған зерттеу нәтижелері

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, көшбасшылықтың төмен деңгейдегі 18 %, орташа 47 %, жоғары 31 %, көшбасшылық қабілетінің өте жоғары (диктаторлық) деңгейдегі 4 % курсант айқындалды. Яғни, ерік-жігері, стресске төзімділік, бастамашылдық, сенімділік және т.б. қабілеттіліктер орташа деңгейде екені анықталды.

«Көшбасшылықтың баланс шеңбері» диагностикалау әдістемесі бойынша алынған нәтижелер 3 суретте келтірілген.



Сурет 3 – «Көшбасшылықтың баланс шеңбері» диагностикалау әдістемесі бойынша алынған зерттеу нәтижелері

Диаграммдан көріп отырғанымыздай, курсанттарнәтижелерді болжау, стресске төзімділік бойынша жоғары көрсеткіштерге ие болып, креативтілік, эмоционалды интеллект бойынша төмен көрсеткіштерге ие болды.

### **Қорытынды**

Жоғарыдағы екі зерттеу әдістемесі бойынша алынған нәтижелер бізге төмен дамыған қабілеттіліктерді жетілдіруге бағытталған жоспарлы, жүйелі жұмыс жүргізу қажет етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бұл топтарды ерекше назар аударуды, ерекше жеке тәрбиелік тәсілді және психокоррекцияны қажет ететін және жеке тәрбиелеуді мен алдын алу шараларын қажет ететін деп бөлу ұтымды болмақ.

4 ай ішінде осы санаттағы курсанттармен көшбасшылық қабілеттерінің даму деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

Өткізілетін іс-шаралар:

- жеке әңгімелер;
- коммуникативті дағдыларды дамытуға арналған психологиялық тренингтер;
- стресстік жағдайлармен күресу дағдыларын дамытуға арналған психологиялық тренингтер;
- стресске төзімділікті, өзіне деген сенімділікті дамыту жаттығулары;
- эмоционалды интеллект дамытуға бағытталған психологиялық тренингтер;
- креативтілікті дамытуға бағытталған психологиялық тренингтер;
- психоконсультациялар.

Көшбасшылық әлеуеті деңгейінің индикаторларының өзгеруін зерттеу үшін курсанттарды қайта тексеру сол әдістердің көмегімен жүргізіледі.

## **ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ**

1 Об утверждении Гос. программы развития образования и науки РК на 2020-2025 г. от 27.12.2019 года № 988. [Электронный ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/rus/docs/>. (Дата обращения 15.11.2020).

2 **Дрыгина, И. В.** Активизация лидерского потенциала личности студента в образовательном процессе вуза : Дис. канд. пед. наук. [Мәтін] – Красноярск, 2003.

3 **Кударова, Н. А.** Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлі : бД010300 Педагогика және психология фил.докт.ғыл. дәреж. (PhD) алу үшін дисс. [Мәтін] – Павлодар, 2020. – 162 б.

4 **Жуматаева, Е.** Сайланушының құзыреттілігін өркендетудің тағылымдылық негіздері [Мәтін] // Вестник Торайгыров университета. Педагогическая серия, 2020. – № 4. – С. 96–103.

5 **Avolio, B. M.** Bass Developing Transformational Leadership : 1992 and Beyond Journal of European Industrial Training, 14 (5) (1990). – P. 21–27.

6 **Бендас, Т. В.** Психология лидерства : гендерный и этнические аспекты : автореф. дис. ...докт. психол. наук. [Мәтін]. – СПб, 2002. – 48 с.

7 **Скрыпников, О. И.** Психолого-педагогические условия формирования качеств лидера у курсантов военных институтов : автореф. дис. ...канд. пед. наук. [Мәтін]. – Саратов, 1999.

8 **Ашихмин, А. Н.** Развитие профессиональных лидерских качеств у курсантов вузов МВД России средствами физической подготовки и спорта : Дис. канд. пед. наук. [Мәтін]. – СПб., 2006.

9 **Кодекова, Г. Б.** Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін ғылыми-теориялық негізі : 6D010300 Педагогика және психология фил.докт.ғыл. дәреж. (PhD) алу үшін дисс. [Мәтін] – Павлодар, 2020. – 154 б.

10 **Аллахвердова, О. В., Доценко, А. Н., Степанова, И. И.** Комплекс методов групповой психодиагностики для комплектования малых групп / Методики исследования и диагностики функционального состояния и работоспособности человека-оператора в экстремальных условиях. [Мәтін]. – М. : ИП АН СССР, 1989.

## REFERENCES

1 Ob utverzhdenii Gos. programmy` razvitiya obrazovaniya i nauki RK na 2020-2025 g. ot 27.12.2019 № 988. [About the approval of the State program for the development of education and science of the RK]. [Electronic resource] – <http://adilet.zan.kz/rus/docs>. (Date of application 15.11.2020).

2 **Drygina, I. V.** Aktivizatsiia liderskogo potentsiala lichnosti stýdenta v obrazovatelnom protsesse výza : Dis. kand. ped. naýk [Activation of the leadership potential of the student's personality in the educational process of the university : Dis. cand. ped. sciences] [Text]. – Krasnoyarsk, 2003.

3 **Kýdarova, N. A.** Joǵary oqý ornynda stýdentterdiń kóshbasshylyq qasietlerin órkendetýde ulttyq kodtyń atqarar róli : 6D010300 Pedagogika jáne psihologiya mamandyǵy boıynsha filosofıa doktory ǵylymı dárejesin (PhD) alý úshin dissertatsiia [The role of the national code in the development of leadership qualities of students in higher education : Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in 6D010300 Pedagogy and Psychology] [Text]. – Pavlodar, 2020. – 162 p.

4 **Jýmataeva, E.** Saılanýshynyń quzyrettiligin órkendetýdiń taǵylymdylyq negizderi [Learning bases for the development of the competence of the electorate] [Text] // Bulletin of Toraighyrov University. Pedagogical series, 2020. – № 4. – P. 96–103.

5 **Avolio, B. M.** Bass Developing Transformational Leadership [Text] : 1992 and Beyond Journal of European Industrial Training. – 14 (5) (1990). – P. 21–27.

6 **Bendas, T. V.** Psihologiya liderstva: genderny i etnicheskie aspekty : avtoreferat dissertatsii na soiskanie ýchenoi stepeni doktora psihologicheskikh naýk. [Psychology of leadership: gender and ethnic aspects : abstract of the dissertation for the degree of Doctor of Psychological Sciences.] [Text]. – St. Petersburg, 2002. – 48 p.

7 **Skrypnikov, O. I.** Psihologo-pedagogicheskie ýsloviya formirovaniya kachestv lidera ý kýrsantov voennykh institútov : avtoreferat. dis. ...kand. ped. naýk [Psychological and pedagogical conditions of formation of the quality of the leader in cadets of military institutes : abstract of the dissertation of the candidate of pedagogical sciences] [Text]. – Saratov, 1999.

8 **Ashimín, A. N.** Razvítie professionalnykh liderских kachestv ý kýrsantov v ýzov MVD Rossiı sredstvami fizicheskoi podgotovki i sporta : Dissertatsiya kandidata pedagogicheskikh naýk [Development of professional leadership qualities in cadets of universities of the Ministry of Internal Affairs of Russia by means of physical training and sports : Dissertation of the candidate of pedagogical sciences] [Text]. – St. Petersburg, 2006.

9 **Kodekova, G. B.** Stýdentterdiń kásibi oilay qabiletin ǵylymı-teornalyq negizi : 6D010300 Pedagogika jáne psihologiya mamandyǵy boıynsha filosofiya doktory ǵylymı dárejesin (PhD) alý úshin dissertatsiya [The role of the national code in the development of leadership qualities of students in higher education : Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in 6D010300 Pedagogy and Psychology] [Text]. – Pavlodar, 2020. – 154 p.

10 **Allahverdova, O. V., Dotsenko, A. N., Stepanova, I. I.** Kompleks metodov grýppovoi psihodiagnostiki dlia komplektovaniya malyy grýpp / Metodiki issledovaniya i diagnostiki fýnktsionalnogo sostoianiya i rabotosposobnosti cheloveka-operatora v ekstremalnykh ýsloviyah. [Complex methods of group psychodiagnostics for completing small groups / Methods of research and diagnostics of functional state and the ability of the operator-operator in extreme conditions.]. – Moscow : IP AN USSR, 1989.

Материал 17.03.22 баспаға түсті.

\*С. Е. Абаева

Пограничная академия КНБ Республики Казахстан,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 17.03.22.

## **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ ЛИДЕРСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КУРСАНТОВ**

*В статье рассматривается феномен лидерства, лидерского потенциала, раскрываются различные подходы к трактовке данного понятия, производится небольшой экскурс в историю развития представлений о лидерстве. Анализ работ отечественных, российских и зарубежных ученых, раскрывающих психолого-педагогические условия развития лидерского потенциала курсантов, выработаны собственные взгляды на концепции, объясняющие природу этого явления. Обосновывается значимость лидерских способностей, лидерского потенциала в управлении организационными структурами. Проанализированы качества составляющие лидерство в военном деле. Поэтому системный анализ дает нам возможность рассмотреть феномен лидерства со стороны ее структурных компонентов. Для формирования лидерского потенциала курсантов требуется выявить педагогические условия. Прежде всего, необходимо определить начальные психические качества, особенности характера курсантов перед проведением планомерной, системной работы по развитию лидерского потенциала. В статье определена авторская классификация качеств составляющих лидерский потенциал курсантов. Приводятся результаты входной диагностики лидерских способностей, проведённой при помощи методики «Диагностика лидерских способностей» (Е. Жариков, Е. Крушельницкий), а так же «Колесо баланса лидера». Формулируется вывод относительно возможности внешнего воздействия на степень выраженности лидерских способностей курсантов. Указаны виды, формы и этапы работ направленных на развитие лидерского потенциала курсантов.*

*Ключевые слова: лидер, лидерство, потенциал, способности, развитие, диагностика, курсант, эмоциональный интеллект, креативность.*

\*S. Abayeva

Border Academy of National Security Committee  
of the Republic of Kazakhstan,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.  
Material received on 17.03.22.

## **PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE DEVELOPMENT OF LEADERSHIP POTENTIAL OF CADETS**

*The article considers the phenomenon of leadership, leadership potential, reveals different ways to explain this concept, and gives a brief overview of the history of the development of ideas about leadership. An analysis of the works of domestic, Russian and foreign scientists, revealing the psychological and pedagogical conditions for the development of leadership potential of cadets, developed their own views on the concepts that explain the nature of this phenomenon. The importance of leadership skills in the management of organizational structures is proven. The qualities that make up the leadership potential in military affairs are analyzed. Thus, system analysis allows us to consider the phenomenon of leadership from its structural components. It is necessary to determine the pedagogical conditions for the development of leadership potential of cadets. Before carrying out systematic, consistent work on the development of leadership potential, it is necessary to first determine the initial mental characteristics and behavioral characteristics of cadets. The article identifies the author's classification of qualities that make up the leadership potential of cadets. The results of input diagnostics of leadership skills conducted using the methods of «Diagnosis of leadership skills» (E. Zharikov, E. Krushelnitsky), as well as «Leadership Balance Circle». Conclusions are made on the possibility of external influence on the degree of visibility of cadets' leadership skills. The types, forms and stages of work aimed at developing the leadership potential of cadets are indicated.*

*Keywords: leader, leadership, potential, ability, development, diagnostics, cadet, emotional intelligence, creativity.*

Теруге 17.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,83 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3882

Сдано в набор 17.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2020 г.

Электронное издание

6,83 Мб RAM

Усл.п.л. 28,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3882

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/>